- подбор исторического контекста для студентов *первого-второго курсов* может быть упрощен, лексический материал тщательно отобран, чтобы не допустить учебную перегрузку студентов, грамматика - проверяться преподавателем и, при необходимости корректироваться;
- студенты *старших курсов* должны использовать исторический материал преимущественно на английском языке, так как данный подход к обучению предполагает, что в результате комбинированного изучения английского языка и учебного предмета на английском языке, студенты выпускных курсов свободно владеют необходимым лексическим и грамматическим материалом;
- на всех этапах необходимо сотрудничество преподавателя английского языка и преподавателя-предметника с целью выяснения профессиональной специализации студентов и тематики, которую необходимо включить в учебный курс (для преподавателей- языковедов); уровня знания английского языка у студентов и консультации по нормам и правилам употребления тех или иных лексических или грамматических форм (для преподавателей – предметников).

Портфолио исторических дисциплин, преподаваемых на английском языке,
должны включать раздаточный материал для студентов (handouts) на английском с обязательным включением глоссария, соответствующего тематике занятия и учитывающий уровень языковой подготовки студентов; методические указания для студентов по различным направлениям их деятельности; заметки (или журнал) преподавателя, отражающий успешные наработки педагога и выявленные проблемные моменты в преподавании.

Главный вопрос - что дает внедрение преподавания предметов на иностранном языке для студентов? Опросы студентов, проводившиеся автором в течение многих лет, показали, что изучение дисциплины на иностранном языке усложняет процесс обучения, но дуальная подготовка – по предмету и по иностранному языку – способствуют формированию более прочного знания и по предмету, и по иностранному языку и, следовательно, приобретению более высокой квалификации.

Список использованной литературы
1. D. Graddoll English Text - http:// www.britishcouncil.org/learing-research-englishtext
2. Е.Е. Вяземский Теория и методика преподавания истории.- М: Владос, 2003.
3. Do Coyle, Philip Hood, David Marsh. Content and Language Integrated Learning. Cambridge University Press, 2010.
4.Bnews:kz - www.bnews.kz 24 декабря 2012.
5. Е. Кубеев, ректор КарГУ им. академика Е.А. Букетова. Полиязычное образование: опыт и перспективы- http://rus.classtime.kz»),

Dossova S.N., Kambarov B.K., Iskakova Z.
al-Farabi Kazakh National University

Innovative strategies in teaching the Hindi language for foreigners

Abstract - Language teachers have always been concerned about the inadequacy of conventional methods of language teaching in education system. As a result, the language teaching pendulum is swinging from methods to post-method pedagogy, also it still remains in motion. The dual focus on both socio-cultural theories to second language acquisition (SLA) and improvements in technologies wins the attention of practitioners, curriculum designers, and students as the major stakeholders in applied linguistics. This has resulted in greater emphasis on the important role of techniques and technologies in language teaching.

Introduction

The main purpose of this article is to evaluate the traditional as well as multimedia language teaching methods and to suggest other innovative language teaching methods that can be attempted in teaching the Hindi language to the students of KazNU. Ultimately, a teacher does his/her best to impart knowledge as the way he/she understood it. So, any communication method that serves this purpose without destroying the objective could be considered as innovative methods of teaching. The use of innovative methods in educational institutions has the potential not only to improve education, but also to empower people, strengthen governance and galvanize the effort to achieve the human development goal for the country.

In this article, we have considered the main foreign language teaching methods that are new in language teaching, particularly in Hindi teaching for foreign students. Language teaching innovation is a complex educational approach because of the various factors embedded in the teaching process. A key factor on which the success of curriculum innovations depends is in the serving of teachers in the use of the new approaches.

The following methods are general in language teaching:

- the Grammar-Translation method;
- the structural methods;

- communicative approach.

After paying some attention to innovations in education, the task-based and process models are offered as the alternative. Finally, a relationship is established between curriculum innovation and change and teacher development.

The main objective of this article is to provide a critical assessment of the role played by methods in the educational process, though there is also an account of the main different methods of foreign language teaching that are in use today.

Knowledge of different methods gives foreign language teachers a good background reference to their own stand on pedagogical matters and classroom practice, and in addition helps them understand the process that FLT has undergone, particularly through this century.

Finally, as a conclusion, a connection is established between FLT methods, innovation and classroom research, as a way of teacher development and of learning improvement.

The traditional or innovative methods of language teaching are critically examined, evaluated and some modifications in the delivery of knowledge is suggested. As such, the strengths and weaknesses of each teaching methodology are identified and probable innovations that can be included in traditional methods are suggested.

Analysis of Hindi teaching in KazNU

Innovative technologies and media are frequently cited as a way to increase access to information and entertainment in a foreign language, provide interaction with speakers of other languages, and improve foreign language teaching in the classroom. So, Hindi teaching for foreign students is also applies these innovative strategies in Kazakh National University named after al-Farabi (KazNU). There are main innovative strategies that are used in Hindi teaching at KazNu by our teachers:

- Access to Information and Entertainment. Hindi teachers and students highlight the importance of the Internet and specialized databases for information retrieval. In teaching Hindi we can use widely television programs, Bollywood films, computer games, and music videos, teachers developed successful strategies for integrating their students' informal Hindi exposure into classroom teaching.
- Integration of language and content learning. Learning content-area subjects through the medium of a foreign language has become increasingly popular in many countries. In some cases, a foreign language is used as the medium of instruction in non-language subjects, when students have acquired sufficient proficiency in the foreign language. In our classes, for example, both Hindi and English are used as a medium of instruction throughout students' to support simultaneous learning of both languages.
- Communicative teaching methods. A focus on communicative and intercultural learning has not only stimulated a productive discussion of teaching objectives, methods, and underlying rationales that are now reflected in curricula and textbooks, but has also resulted in increased oral and written proficiency for our students.

- Focus on language learning strategies. Teachers reported that a recent focus on how to learn Hindi language has been important to the success of language education in our university. At KazNU, for example, teachers focus on raising students' awareness of various communication strategies, including strategies to bridge vocabulary gaps, reading and listening strategies, and general language learning strategies.
- Building on the first or subsequent languages. Particularly in bilingual or multilingual countries or in those with a large number of language minorities, people state that successfully approaches consider students' first languages as a foundation upon which to build second language proficiency. In KazNu, several projects demonstrate that acknowledging the sociocultural context and the already developed competencies of students in their first language (Kazakh or Russian) will boost learning of subsequent languages.
- Where there was once consensus on the "right" way to teach foreign languages, many teachers now share the belief that a single right way does not exist. It is certainly true that no comparative study has consistently demonstrated the superiority of one method over another for all teachers, all students and all settings.

As the recommendation for improvement of teaching strategies I list the following:

- Interaction and collaboration with speakers of other languages. Access to information on the World Wide Web and the use of new information technologies, especially networked computers, has contributed to increased communication among foreign language teachers and students. Through e-mail, mailing lists, discussion groups, and chart rooms, the Internet has increased access to and communication in Hindi with both native and nonnative speakers.

  Collaboration with native Hindi speaking teachers and students, that can be done not only by hiring or exchanging teachers and students from Indian language institutions that may face some financial problems, but it can be done by using online lessons and a variety of online tools to allow the students and teachers to work together. A shared workspace allows all the students and teachers to see what the other is doing: writing, editing or moving objects. It can be accomplished by using ordinary programs, such as Google Docs, Skype and an online whiteboard.
- Voice and text chat. Instant messengers such as Skype, FB, Yahoo, Agent etc. are widely used in e-education. These tools offer excellent call quality and the flexibility of text and file sharing which is hard to beat for a basic communication between students and teacher. Calls can be easily recorded, so students can make an audio copy of their lessons.
- Twitter can be used in language learning to help students focus on writing in a concise and accurate way. Learners can read what others are writing and also participate in twitter conversations.
- Etc.

Conclusion

We have considered the main innovative strategies in teaching the Hindi language and methods as models or paradigms of theory, research and practice. Some of them may be considered obsolete from a scientific point of view, some others seem to be more current, but in fact all of them have introduced innovations at a given moment, superimposing on the former ones in an eclectic way. However, all methods have at least two things in common: 1) their belief to be the best one, and 2) a set of prescriptions that teachers have to follow necessarily.

I propose, therefore, an active role for teachers, who design her or his content and tasks in teaching Hindi, to use innovative strategies in classroom's interaction, materials, methodology, evaluation, etc., instead of a passive role which means dependence on other people's designs and methods.

The product of this paper's effort of identifying, defining and describing the factors of innovations for Hindi teaching represents a challenge and a positive experience of covering the path of professional development closely related with changes in the contemporary society and educational institutions.

References

1. N. Prabhu. Second language pedagogy.- Oxford:Oxford University Press, 1987.
2. Y.M. Catelly. The foreign language teachers' roles in response to the knowledge society requirements. - Procedia : Social and Behavioral Sciences, 2011, vol. 11
3. K. Kumar. Skul Ki Hindi. Patna: Rajkamal. – 2001.
4. R. Sachdeva. Language Education in Nagaland: Socio-linguistic Dimensions. - New Delhi: Regency, 2001.
5. http://www.languageinindia.com/

Дүйсеева Л.А.
дипломатиялық аударма кафедрасы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Тіл үйрететін орталықтардың отандық білімге қосар үлесі

Жаһандану үрдісінің қоғамға енуіне байланысты шет тілдерін үйренудің маңыздылығы күннен күнге арта түсуде. Шет тілдерін, әсіресе, ағылшын тілін үйрену жаңа технологиялар, сауда, бизнес сияқты халықаралық мәселелерді шешудің кілті болып табылады. Ол - халықаралық тіл ретінде өзінің қарқынды да жедел дамуымен әлем назарын аударып отырған тілдердің бірі. Соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, әлемнің алты миллиардтан астам тұрғынының бір миллиардқа жуығы ағылшын тілінде сөйлейді екен. Олай болса, технологиялар мен экономика тілінде сөйлейтін әлемнің алпауыт елдерін толық біліп-тану үшін ағылшын тілін игеру қажеттігі айтпаса да түсінікті.

Бұған қоса, еліміз тәуелсіздік алғалы бері отандық экономиканы дамытуды жеделдету осы саладағы мамандардың біліктілігіне қойылатын

талаптардың мейлінше жоғары болуын қажет етуде. Осы орайда мемлекеттік тілді білумен қатар шет тілдерін меңгеру де оларға қойылатын талаптардың бастысы болып отыр. Сонымен қатар, шетелдік нарыққа шығу және әлемдік қауымдастықтағы интеграция қазақстандықтарды халықаралық ынтымақтастық тілі болып табылатын ағылшын тілін үйренуге көп көңіл бөлуге міндеттеп отыр.

Осыған байланысты қазіргі таңда елдің білім беру саласын жетілдіруде халықаралық деңгейдегі көптеген келісім-шарттар жасалып, білім көкжиегіндегі мемлекетаралық ықпалдастықты жан-жақты кеңейту оң жолға қойылуда. Жастардың елдің дамуына белсенді атсалысуына, әлемнің даму көшіне ілесіп, елге адал қызмет етулеріне ең керекті нәрсе білім екені айтпаса да белгілі. Ал, шетелдік білім кәсіби салада өсуге, өзін жаңа қырынан көрсетуге мүмкіндік беретінін және үлкен мәртебеге ие екені айтпаса да түсінікті. Олардың шет тілдерін жетік меңгеріп, білімдерін жетілдіруде елімізде ашылған халықаралық деңгейде өз беделі бар тіл оқыту орталықтарының алар орны өзгеше. Осы тұста тіл оқытатын ЖОО-на бәсекелес болатын мұндай орталықтар қаншалықты қажет деген сұрақ туындайды.

Оқытудың кредиттік технологиясына көшкелі бері, бізде тілдік пәндерге бөлінетін сағат саны да азайып кеткені бәрімізге аян. Аз уақыт ішінде көп нәрсені қамту, әсіресе ол тіл үйретуде айтарлықтай қиындықтар туғызады. Тілдік білім деңгейін жақсарту үшін студенттердің өз бетінше көбірек жұмыс істеуіне тура келеді. Осы сәтте студенттердің бір сенері осы тіл үйрететін орталықтар болып табылады. Шындығын айтар болсақ, соңғы жылдары елімізде тіл үйрететін орталықтар көптеп ашылуда. Олар шет тілдерін, негізінен ағылшын тілін үйренушілерді құшақ жая қарсы алады. Ондағы түрлі мақсатпен тіл үйреніп жүргендердің қатарын ЖОО студенттері толықтырады. Солардың біразы осы факультет студенттері десем қателеспес едім. Соңғы уақытта дәріс беретін топтарда біршама студенттердің ағылшын тілі пәніне бөлінген (аптасына150 минут) кредит санына қарамастан, тілдік деңгейлерінің айтарлықтай жақсарғанын байқадым. Сұрай келе олардың тіл үйрететін курстардан қосымша сабақ алып жүргендерін біліп, осы орталықтардағы тіл үйрету жұмысы туралы ақпарат алуға деген қызығушылық пайда болды. Осы мақсатта тілдік курстарға барған, барып жүрген, барғысы келетін студенттерден сауалнама жүргізуді шештім. Сауалнамада олардың тіл үйрететін орталықтарға қанша уақыт бойы, не мақсатпен, кімнің кеңесімен барғандығы, және қандай жетістікке қол жеткізгендігі, орталық несімен ұнайды, олардың отандық білімге қосатын үлесінің мөлшері, т.с.с сұрақтар қамтылды. Сауалнама қорытындысы бойынша жауап берушілердің шамамен 90-95 пайызы тілдік орталықтардың тіл үйренуде үлкен роль атқаратынын айтты. Бұған қоса, тіл үйрететін орталықтардың көбісі тіл оқытудың соңғы методикасына сүйене отырып, оқу процесін қызықты да тиімді үйретуге тырысады. Бағдарламалары мен оқыту методикасы да халықаралық стандарттарға сай, аудиториялар сапалы

білім алуға қажетті деңгейде жабдықталған. Оқу топтарында студент саны аз, ал бұл сапалы білімнің бір кепілі болмақ.

Ал, орталықтарда жұмыс жасайтын педагогтардың біліктілігіне келер болсақ, онда негізінен Cambridge CELTA, DELTA, IHC, MA in TESOL сияқты әлемнің кез келген нүктесінде ағылшын тілін шет тілі ретінде үйретуге мүмкіндік беретін кең тараған халықаралық деңгейдегі сертификатқа ие Ұлыбританиядан, АҚШ-тан және басқа елдерден келген оқытушылармен қатар шетелде білім алған немесе тағылымдамадан өткен отандық ұстаздар да бар.

Осыдан аз ғана уақыт бұрын қазақстандық жастар үшін Европа мен Американың оқу ордаларында білім алу арман болатын. Ал, қазіргі таңда бұл елдерде тілдік курстардан, тағылымдамадан өту, орта немесе жоғары оқу орындарында, магистратурада немесе доктарантурада оқуға мүмкіншілік зор. Осы бағытта да тілдік орталықтардың тигізер пайдасы көп. Олар тек тіл үйретумен шектелмей шетелде білім алғысы келетін қазақстандық студенттерге кеңес берумен айналысады, шетелде білім алуға жолдама алуға мүмкіндік беретін IELTS, TOEFL сияқты халықаралық емтихандар тапсыруға дайындайды және оларды жүйелі түрде өткізіп отырады. Осылайша олар алдыңғы қатарлы батыстық ЖОО өкілдері ретінде АҚШ, Ұлыбритания, Жаңа Зеландия, Ирландия, Нидерланды, Италия, Малайзия, Канада, БАӘ, Австралия, Қытай, Чехия, Кипр, Турция, Швейцария сияқты тағы да басқа елдердің университеттетерінде білім алуға жол ашады.

Мұндай орталықтардың айналысатын тағы бір саласы – отандық нарықта ағылшын тілінде түрлі салаға арналған академиялық оқулықтар мен әдебиеттер шығаруы. Ағылшын тілін оқыту барысында бұл тілдік орталықтар көптеген кітап көрмелерін, түрлі тілдік семинарлар жиі ұйымдастырып келеді. Апта сайын ағылшын тілінің клубы түрлі тақырыптарда қызықты дискуссиялар өткізіп отырады. Қысқасы, мұнда тіл үйренуге деген барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

Құнды біліммен қатар, өмірлік және іскерлік дағдыларды игеруі адамның болашақ мансабының кепілі. Қай уақытта болмасын жақсы білім алу мансапқа жетудің алғышарты. Дәл қазіргі бәсекелестіктің қызып, әлемдегі сын көтермейтін экономикалық жағдайда алатын сапалы білім еңбек нарығындағы бәсекелестіктегі басты артықшылық. Осындай сапалы білім алуға мүмкіндік жасайтын орталықтардың отандық білім саласына қосар үлесі зор болары анық.

Қорыта айтқанда, тіл үйренуге қажеттілік болғанда мұндай курстар пайда бола береді, бірақ олардың қызметтерінің сапасы жүйелі түрде құзырлы органдармен тексеріліп отырылуы қажет. Сондай-ақ, мұндай орталықтардың болғаны жақсы, ал олардың санының көп болғаны одан да жақсы. Себебі, ол бәсекелестікке алып келеді, ал бәсекелестік білім сапасын арттырады деген сенім мол.

Жанұзақова Г.А.
дипломатиялық аударма кафедрасы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шетел тілі сабағында білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттыру

Заман талабына сай білім беру әр оқу орнының алдына қойған мақсаты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінің міндеті -жастардың білімді үйреніп қана қоймай, алған білімін үздіксіз дамытып,оны бойына сіңіріп, тәрбиелі, әдепті, интеллектуалды болуын қамтамасыз ету. «Әрбір ұстаз — білікті маман, ал әрбір студент — ойшыл тұлға» деген қағидаларды ұстана отырып, білім беру үрдісінде кез келген ұстаз білім сапасын жақсарту мақсатында оқытудың озық технологияларын пайдаланады. Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негізін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі. Елбасы жолдауында кез-келген орта санатты мектептің балаларының ең жоғарғы деңгейдегі шет тілін оқып үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз керек делінген. Жалпы орта білім беретін мектептерде қазіргі таңда шет тілін меңгертуге аса мән беріліп отыр. Қазақстан Республикасындағы ең бірінші кезекте тұрған тіл саясаты туралы басты мақсат – білім алушылардың сапасын халықаралық стандартқа сай көтеру. Бұл үшін жетілдірілген әдіс шетел ғалымдарының іс-тәжірибелерімен танысу қажет екендігі ешбір дау туғызбайтыны белгілі. Білім беру мазмұнының негізгі мақсаты қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, білімді, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, оның болашақ кәсіби бағдарын айқындауына игі ықпал ету болып табылады.

Елбасымыз өз жолдауында үш тілді меңгеру қазақстандықтардың өздері үшін міндетті шарт екендігін және 2020-шы жылға қарай ағылшын тілін меңгерген халықтың үлесі кем дегенде 20 пайызды құрауы қажет екендігін атап өтті.

Қазіргі кезде мектептерде ағылшын тілін меңгеруге аса көп мән бөлінген. Барлық мектептерде дерлік ағылшын тілі бастауыш сыныптардан бастап оқытыла бастады. Мектеп оқушылары ағылшын тілін еркін сөйлеуді мақсат етеді, себебі олар өзінің болашақ оқуы мен қызметіне шетел тілінің қажет екендігін жақсы түсінеді. Қазіргі таңда ағылшын тілі мұғалімдерінің басты мәселесі оқушылардың шет тілін оқуға деген қызығушылығын дамыту. XXI ғасыр жаңа технологиялар ғысыры. Сондықтан қазіргі күні шетел тілін түрлі жаңа технологияларды қолдана отырып, оқушы қызығушылығын арттыруға және шет тілін жылдам әрі тиімді үйреніп алуға болады. Сондықтан мұғалім оқушыны ынталандыру, пәнге деген

қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты төмендегідей жолдармен өткізуіне болады:

- сабақта тақырыпқа байланысты схемаларды, кестелерді, суреттерді кең көлемде қолдану;
- интерактивті тақтаны қолдану арқылы тақырыпқа қатысты слайд-шоу, бейнетаспаларды көрсету;
- сабақты ойын түрінде өткізу;
- сабақта техникалық құралдарды тиімді қолдану.

Интерактивті оқыту – көпқырлы құбылыс. Білім алушы белгілі бір педагогикалық мәселені шешуде өзінің білетінін есіне түсіреді, білімін басқалардың идеяларымен толықтырады, жаңа тәсілдерді меңгереді, өзінің стратегиялық бағытын анықтайды. Субьектілер арасындағы бірдей белсенділік жағдайында өтетін мұндай білім алу процесі бір мерзімде бірнеше міндетті шеше алады: танымдық, коммуникативтік, дамытушылық, интеллектуалдық, сонымен бірге әлеуметтендіру, демократиялау, гумандандыру. Бұл қазір құзырлылық деп аталатып жүрген жаңа басымдылықтар.

Тәжірибеде интерактивті тақтамен жұмыс жүргізуді жиі қолдану қажет. Егер интерактивті тақта интернет жүйесіне қосылса, жаңа сабақты бекітуде және сабақ үстінде тақырып бойынша көптеген жаңа ақпараттар алуға да болады.Пәнге деген қызығушылықты арттыруда ең көп қолданылатын тиімді тәсіл – сабақты ойын түрінде өткізу болып табылады. Сабақты ойын түрінде өткізу оқушылардың грамматиканы, лексиканы тез меңгеруге, сөйлеу және есту қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар ойынды сүйіспеншілікпен мұғалімдер де, оқушылар да ойнайды. Себебі ойын балалар үшін еліктіргіш сабақ болып табылады. Ойын кезінде жақсы оқитын ойыншылар да, нашар оқушылар да тең. Сол себепті ойын кезіндегі теңдік сезімі, оқушының тапсырманың қолынан келетінін сезінуі, еркін атмосфера әрбір оқушыға өз бойындағы ұялшақтық сезімін жеңуге, өз ойын еркін білдіруге, топта бірлесе жұмыс істеуге көмектеседі. Ойындар келесідей маңызды әдістемелік тапсырмалардың орындалуына мүмкіндік туғызады:

1. Балалардың сөйлеу арқылы араласуына психологиялық дайындығын жасауға;
2. Балалардың тіл материалын көп қайталауына табиғи қажеттілікті қамтамасыз етуге;
3. Сөйлудің жалпы алғанда күтпеген жағдайға дайындығы болып табылатын оқушылардың қажетті сөйлеу үлгісін таңдап алуға жаттықтырады.

Белгілі ғалым М.Ф. Стронин өзінің «Ағылшын тілі сабағында қолданылатын жаттықтырушы ойындар» кітабында ойындарды келесідей категорияларға бөлді: лексикалық ойындар, грамматикалық ойындар, фонетикалы ойындар, орфографиялық ойындар және шығармашылық ойындар. [2, 10]

Сонымен қатар сабақта электронды кітаптарды пайдаланудың да маңызы өте зор. Себебі ол оқушының танымдық көзқарасын қалыптастыруға, ізденісін ұлғайтуға, шығармашылық қабілетін арттыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауға көмектеседі. Оқу процесінде жаңа технологияларды қолдану аса маңызды. Өзімізге белгілі жаңа технологияларды қолдануға көп үлес қосып жүрген зерттеуші ғалымдар қатарына У.С. Полат, Е.Н. Дмитреева, С.В. Новиков, Т.А. Помелова жатады. Жаңа технологияларды оқыту барлық сфераларда қолданылуда. Интернет-технологиялар ақпаратты іздеуге, халықаралық ғылыми жобаларды әзірлеуге, ғылыми зерттеулер жүргізуге үлкен мүмкіндіктер туғызады. Сондықтан ағылшын тілі сабағында оқушының оқу-танымдық көзқарастарын дамыту үшін, ең алдымен ағылшын тіліне деген қызығушылығын артырудың жолдарын іздестіруіміз керек. Сондықтан, тіл үйренушілердің тілге қызығушылығын арттыру ең біріншіден ұстаздарға байланысты. Қорыта айтқанда, шетел тілін меңгеру өте маңызды. Ол оқушылардың ой-өрістерін кеңейтеді, халықаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді. Оқушының жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасауға бағыт алып отырған бүгінгі білім беру жүйесінде әлемдік стандарттар талабының негізгі компоненттерінің бірі деп танылған көптілдік оқытуға көңіл бөлу бүгінгі заман тапсырысы болып табылады. Шетел тілінің мұғалімі оқытудың жаңа технологиясын жан-жақты меңгеріп, соңғы жарық көрген ғылыми әдістемелік әдебиеттердегі тәжірибелі ұстаздардың оқыту әдістерін оқып үйреніп, оларды өз жұмысында орынды қолдана білуі керек. Елбасымыз Н.А.Назарбаев айтқандай “Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында”. Сондықтан біз - ұстаздар XXI ғасырдың біздің алдымызға қойып отырған барлық талаптарына сай болып, үздіксіз біліміміздi көтеріп отыруымыз қажет. **[1, 5]**

Қызығуды туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді пайдаланылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік игеруіне көмектеседі. Өйткені бастапқы деңгейде білім алушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап отырады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Ойындар барлық топтарда қолданылады. Сонымен бірге сынып ішінде ойнайтын ойындар мен іс-әрекеттер арқылы да оқытуға болады. Біз сынып ішінде ойындарынды қашан қолдануымыз керек? Мысалы, сабақ үстінде жаңа сөздерді қайталау үшін, өтілген жаңа сабақты еске түсіру үшін қолданған жөн. Ойындар білім алушының танымын, ақыл–ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта–ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамытады Ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді

шешеді. Ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, және тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті – баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады. Ойын ұғымына түсінік берсек, бұл баланың мінез – құлқына өзі басқарумен қатар топпен жұмыс жүргізе білу әрекеті, ол баланың бір-біріне көмектесу, тез ойлау қабілетін, алға ұмтылу ісін дамытады. Сондықтан бағдарлама бойынша бекітілген оқыту үрдісінде ойын түрлерін сабақ үрдісінде үнемі пайдаланып отыру керек. Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне біртіндеп өтуі жағдайында шетел тілдерін оқытудың рөлі артады. Әрине, 12 жылдық білім беру жағдайында ағылшын тілін оқыту әдістемесінің бірі ойын элементтерімен, іс-әрекеттер арқылы оқыту. Ойын элементтері – оқытудың бір түрі болып табылады. Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың белсенділігін пәнге деген қызығушылығын, ынтасын арттыруында болып табылады. Оқудың алғашқы кезінде оқушының тілдік материалдарды жеңіл меңгеріп кетуіне көмектеседі. Ойын түрлерін дұрыс өткізілген сабақта оқушылардың тілді үйренуіне ынтасы артып, сол тілді білуге қызығады. Білім алушының шаршауын сейілтіп, қызығушылығын арттыратын тек ойын элементтері болып саналады. Ойын білім алушының бірігіп жұмыс істеуіне бағыт береді, іздендіруге, дағдысына қалыптастыруына мүмкіндік туғызады. Шетел тілін оқытуда ойын түрлерін мынадай мақсатта қолдану тиімді:

1. Алфавитті дұрыс меңгерту;
2. Орфографияны дұрыс оқыту;
3. Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру;
4. Лексиканы меңгерту;
5. Білім алушының ойын дамыту, дұрыс жазу, дұрыс айту, дұрыс білу дағдысын қалыптастыру**.** [4, 15]

Білім алушының шетел тілінде сөйлеуге қарым-қатынас жасауға шет тілін әрбір мұғалім өз сабақтарында жаттығудың бір түрі ретінде ойындарды қолданып, сабақты қызықты өтуге, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруға білім деңгейін тексеру құралы ретінде пайдалануға болады. Таңдап алынған ойындар оқушылардың сөз байлығына, тіл қорына сай болу керек. Мұғалім кез-келген ойынды өткізу үшін алдын-ала жоспар құрып алуы керек. Сонымен бірге мұғалім ойынға қойылатын төмендегі әдістемелік талаптарын біліп орындауы тиіс. Ол әдістемелік тұрғыдан алғанда мынадай бөліктерден тұрады:

1.Ойынның өтілетін сабақтарының мазмұны мен тақырыбына сай болуы;
2. Ойынға берілген уақытты нақты белгілеу;
3. Ойынның ойналу түрі, топ болып ойнау;
4. Ойынға қажетті материалдардың түгел дайындалып қойылуы;
5. Қолданылған сөздер, сөз тіркестерін, өлең таңдау;

6. Ойындардың өту барысының жоспарын жасау. [5, 22]

Оқытушы алдымен білім алушының оқуға қызығушылығын ояту қажет. Оқушының қызығу жәрдемімен оқып үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне мүмкіндігіне сенімі артады, кісілігі қалыптасып, дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды. Шетел тілі пәнінде көбіне рольдік ойындар, грамматикалық ойындар, танымдық ойындар қолданылады. Ойын – оқу, еңбек іс-әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды бір түрі. Іс-әрекетті кесте түрінде қарастырсақ, оқушының белсенділігімен білім сапасын көрсетеді. Ойынның өзіне тән мотивтері болады. Мысалы: мазмұндық, рольдік ойындар баланың зейінін есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатындығын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Ал, ақыл-ой ойындарында белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды. Ол ойындар баланың тапқырылығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезім түрлерін дамытады. Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде сабақта пайдаланылатын танымдық ойындар, сөздік ойындар жан-жақты дамытып білімді толық игеруіне көмектеседі. Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес келсе, оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығы артады. [6, 18]

Нәтиже:

1. Әр оқушының шығармашылығы артады;
2. Жылдам жұмыс істеуге дағдыланады;
3. Оқушының жеке қабілеті анықталады;
4. Оқушы топ жаруға ұмтылады;
5. Оқушының ойлау қабілеті дамиды;
6. Әр оқушы өз деңгейінмен бағаланады.

Әрбір оқушының білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды. XXI ғасыр — бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуіріне, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениетіне, мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі білім мазмұны оқытушы мен оқушының арасындағы негізгі бастамалардың барлығы оқытушы арқылы жүзеге асырылады. Оқушыға белгілі бір дәрежеде білім беру мен қатар оқуға, үйренуге деген ынтасын арттыру әр ұстаздың міндеті. Сабақ барысында шәкірттің білімге құштарлығын арттыру, еңбек етуге баулу, жалпы оқушы бойында жауапкершілік сезімін қалыптастыру оқытушыға қойылатын басты талап. Осы талапты шешуде электронды оқытудың пайдасы зор.

Қорыта келе, жаңа технологияны меңгеру оқытушының оқу -тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі.Оқытудың озық технологиясын меңгеру оқытушының кәсіптік шеберлігіне байланысты.Бұл әрбір ұстазды ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге,жаңа ізденістерге жетелейді.Осы орайда Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру үйреншікті жәй ғана емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер»,-деп тұжырым жасайды.Сондықтан оқытушы өз пәніне психологиялық тұрғыдан қарап,әдістемелік шеберлікпен келу керек.Сабақ барысында интерактивті технологияларды қолдану оқытушы жұмысын өнімді, нәтижелі, ал оқушылардың білім алу әрекетін мәнді, қызықты, пайдалы етеді.

Қолданылған әдебиеттер:
1. Ағылшын тілі мектепте №1.2010ж., 18б.
2.Ағылшын тілі сабағында қолданылатын жаттықтырушы ойындар М.Ф. Стронин. 10 б.
3. http://kk.wikipedia.org
4. Қазақстан метебі 2001. №7, 15б.
5. Мектептегі шет тілі №1. 2009ж., 22б.
6. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Под ред. Е.С. Полат. М., 1999г., стр. 5

Жанұзақова Г.А., Маткеримова Р.А.
дипломатиялық аударма кафедрасы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шет тілін оқытудағы әдістемелердің өмірдегі қолданысы

XXI ғасыр білімді де, білікті, бәсекеге қабілетті, көптілді, көпмәдениетті тұлғалар ғасыры болмақ. Білім беру саласында түбегейлі өзгерістер еңгізілуде. Қазіргі таңда ұрпақ таңдауына шексіз мүмкіндіктер берілген. Бүгінгі білім алушы болашағына дұрыс таңдау жасай алатын, ұтымды шешім қабылдай алатын, сондай-ақ өзінің өміріндегі өзгерістер ағымына икемделе білетін қабылетіне байланысты өмір сүру тәртібі күтіп тұр. Сондықтан да, жаңа мазмұнды білім беру жүйесі алдында оқушыны ойлануға үйрету, қай жаста болмасын алдынан шығатын түрлі проблеманы шешуге қажетті әрекет тәсілдерін үйрету міндеті тұр. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысты, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады деп атап көрсетілгені осыған орай, қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе әлеуметтік-педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім

мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау болып отыр. Зерттеу жұмысының көкейтестілігі.

ҚР Білім туралы Заңында, білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық, коммуникациялық желілерге шығу деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген еді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғлімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Бүгінгі мақсат – әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау болып отыр. Қазіргі педагогикалық зерттеулер жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту үрдісінде іске асуы үшін оны технологияландыру, яғни белсендіру қажет екенін дәлелдеп отыр. Шетел тілін оқыту технологиясы мынадай төрт негізгі шартты қанағаттандыруы тиіс: оқушының танымдық, қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу-тәрбие процесінің жобасына негізделу қажет; оқу мақсатын диагностикалық түрде анықтап,оның меңгерілу сапасын дәл тексеріп бағалау қажет; -іс жүзінде оқу үрдісінің толықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру оны оқыту үрдісінде оны ұтымды пайдалану уақыт талабы болып отыр. Өйткені, жеке адамның рухани дамуынсыз өркениеттің дамуы да мүмкін емес. Шетел тілін белсенді оқытудың бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Шетел тілін белсенді оқытуда педогогикалық технология – бұл оқу процесін ұйымдастыру және өткізу барысындағы білім алушылар мен мұғалімдер жайлы жағдай туғызудың біріктірілген педогогикалық қарым-қатынастың барлық жағдайларды ойлап қарастырған моделі.

Жаңа педогогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақырында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды. Жаңа белсенді білім беру технологиясының принциптері – оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамитын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп, өсіруші, тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, білім алушылардың өз бетімен жұмыс жасауларын арттыру мен шығармашылық қабілеттерін дамутуда жаңа педогогикалық технологияларды пайдалану және оның тиімді әдістемесін жасау өзекті мәселеге айналып отыр.

Бүгінгі таңда тынымал болып отырған оқыту технологияларын белсенді түрде қолдана білсек, жаңа мазмұнды білім беру процесі нәтижелі және оның сапалық көрсеткіштерін арттыру қиынға соқпас еді. Олай болса оқытуды ізгілендіру жағдайында, өздігімен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады. Адам баласы сәби кезінен бастап айналадағы дүниенің түрлілігі мен қайталанбас болмысын танып үйрене бастайды. Сәби оны көзімен көру, сезу және ойлау қабілеттері арқылы танып, зейініне тоқиды. Сондықтан да әлем, өмірге енді ғана араласа бастаған кішкентай сәби көзімен қарағанда, ол бір үлкен, әдемі де бай әлем секілді. Ал кішкентай бала оқып-үйрене бастағаннан кейін айналадағы қоршаған ортаға жаңаша көзқараспен қарай бастайды. Кітаптар сол жарқын да кең болашаққа апарар жол секілді. Осы білімнің қайнар көзі болып саналатын кітаптар адамды қоршаған ортамен таныстырып, қайырымдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеп қана қоймай, адамның ішкі рухани жан дүниесін де байытады, ойлау қабілетін, сана сезімін қалыптастырады.

Дипломдық жұмыстың мақсаты – шетел тілдерін белсенді оқыту жүйесіндегі тіл дамытудың бірден-бір маңызды түрі болып табылатын оқудың мағынасын, мазмұнын және ролін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

1) Белсенді оқыту ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсету, оның тіл дамытудың басқа түрлерімен байланысын және оқуға үйрету мазмұнын анықтау;

2) Белсенді оқыту тіл үйрету технологиясының негізгі деңгейін анықтау;

3) Шет тілі сабағында белсенді оқытудың негізгі міндеті – оқу техникасын меңгеруде оқудың коммуникативтік және техникалық ара-қатынасын анықтау;

4) Белсенді оқытуды дамыту мақсатында оқу процесінде жаттығулар жүйесін құрастыру және қолдану. Зерттеудің болжамы. Қазіргі адамның өмірінде белсенді оқыту елеулі орын алатыны айқын. Егер кітаптар – ақпарат көздері болған жағдайда, онда белсенді оқыту – осы ақпаратты меңгеру процесі болып табылады. Осылайша, адамның күнделікті және мәдени өмірінде белсенді оқыту мен оқу басты құрал болады. Қазіргі кезеңде әртүрлі елдердің арасында нарық қатынасы нығайып, адам өміріндегі ақпараттар алмасу өскен сайын шетел тілін оқып үйренудің де маңызы өсе бастады. Қазіргі кезеңде адам негізінен шетел тілдеріндегі көркем әдебиеттер, публицистикалық, арнайы әдебиеттер және газеттер мен журналдарды оқуды үйреніп, араласа бастады. Ал мұның өзі сәйкесті біліктілік пен дағдыны талап етеді және бұл қасиеттер өздігінен қалыптаспайтыны белгілі. Сондықтан да орта мектептерде шетел тілін үйретудің негізгі міндеттерінің бірі – белсенді оқуға үйрету болып табылады. Орта мектепті бітірген оқушылар шетел тілінде оқи білуі керек. Ең алдымен шетел тілінде оқып білмей тұрып, оны әрі қарай дамытып, қолдану мүмкін емес. Белсенді оқыту мен оқу адамға жаңа бір

нәрсе үйреніп, мағлұмат алуына шектеусіз мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен бірге мәдениетке, өнерге баулиды, басқа халықтардың өмірімен таныстырады. Кітаптар адамға өзінше идеялық мазмұнымен әсер етіп, жеке тұлға ретінде қалыптастырады.

Соңғы кездері ұлтарқылық қатынастардың кеңеюі, радио, кино, теледидар сияқты бұқарқылық ақпарат құралдарының кең тарауына мүмкіндік туғызып отырған, шетел тілін үйренудің бірден-бір негізгі объектісі болып табылатын ауызекі тілге ерекше назар аударылып жүргеніне қарамастан, қазіргі адам өмірінде ана тілінде және шетел тілінде белсенді оқудың алатын орны ерекше деуге болады. Сөйлеу – оқытудың мақсаты. Сөйлеу - өте көп аспектілі және күрделі құбылыс. Біріншіден, ол адам өмірінде қарым-қатынас құралының қызметін атқарады. Мұғалімге ең алдымен оқытуда табысқа жету үшін оның қалайша жүзеге асатынын түсінуі қажет. Екіншіден, сөйлеу – бұл қызмет, адам қызметінің бір түрі. Үшіншіден, сөйлеу қызметінің нәтижесінде оның өнімі – пікір айту пайда болады. Сөйлеу – қарым-қатынас құралы. Қарым-қатынас ауызша, жазбаша түрде де жүзеге асырыла береді. Бірінші жағдайда сөздік қызметтің түрлері ретінде адам қарым- қатынастың екі құралын, сөйлеу мен тыңдап-түсінуді, екінші жағдайда жазу мен оқи білуді меңгеруі қажет. Сондықтан, сөйлеу – сөздік қызметтің түрі ретінде қарым-қатынастың құралдарының бірі болып табылады. Әдістемеде сөйлеу түрлерін «монологиялық» және «диалогиялық» сөйлеу деп те атайды.Оқытушының студенттермен педагогикалық қатынасты ұйымдастыра алу қабілеті бүгінгі таңдағы шетел тілін оқыту процесінің тиімділігін арттырады, ол студенттің жеке тұлға ретінде ерекшеліктерін ашуға және оның шетел тілін мәдениет аралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруіне бағытталады. Бұл мәселені шешу үшін педагогтар оқыту процесінде оқытудың интерактивті әдістерін қолдану қажет. Шетел тілін оқыту әдістемесі пәнін Шет тілінде жүргізу бірнеше қиындықтар туғызады. Әсіресе оқытушы мен студенттің сөйлесу қарым –қатынасы бір жақты болса. Студенттер көбінесе үнсіз қалады. Яғни:

- студент өз ойын білдіру үшін көмекші сөздерді, тілдік құралдарды таба алмайды;
- оқытушы мен топ алдында сөйлеуге қысылады;
- өз білімінің дәрежесі төмен екендігін көрсеткісі келмейді.

Бұл жағдайда студентті сөйлету үшін түрлі әдістер арқылы ыңғайлы, қолайлы мүмкіндік туғызылуы керек, өз іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру үшін оған сай ниетін оятып әрі оқу атмосферасын орнату қажет. Студенттерге шетел тілін оқыту әдістемесі пәнінің теориялық негіздерін тірек – сызбалар арқылы түсіндіру тиімді және білім беру стандартының талаптарына сай теориялық сабақтарда тек оқытушы ғана емес студенттерде жұмыс жасау талабы орындалады.

Қорыта келе студентердің коммуникативті және кәсіби құзыреттіліктерін арттыру мақсатында шетел тілін оқыту әдістемесі пәні сабақтарында түрлі әдістер арқылы білім беру тиімділігін айтқан жөн. Әр

сабақты түрлендіріп өткізу студенттердің білім деңгейін көтереді, қажетті білім алуға, біліктерді қалыптастыруға жағдай жасалынады.

Ибраемова Э.Б.
дипломатиялық аударма кафедрасы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Педагогтың инновациялық мәдениеті

Қазіргі заманда ұстазға көзқарас «оқытушы-қамқоршыдан» «оқытушы-менеджерге», яғни «педагог-қамқоршыдан» «педагог-менеджерге» өту тұжырымдамасымен байланысты. Ол мәнінде өктемшілдіктен демократияландыруға, билігі бар тұлғадан заң күшіне өтуге әкелді. Тұжырымдаманы жетік түсіну үшін Н.Ю.Скороходованың кітабынан «педагог-қамқоршы» «педогог-менеджер» ерекшеліктер таблицасын келтіреміз (1таблица).

«Педагог-қамқоршы» мен «педагог-менеджер» позицияларының салыстырмалы мінездемесі

1-таблица

	Педагог-қамқоршы - жеке ықпал жасауға бағытталған	Педагог-менеджер - заң күшін қолдануға бағытталған
Балаларға қарым-қатынас жасау позициясы	«Бастысы - баланы жақсы көру және өзім өалай оны көргім келеді, солай қалыптастыру»	«Бастысы - баланы құрметтеу және оның даму қажеттіліктеріне бағытталу
Ықпал етудің стратегиялық тәсілі	«Мен айтқандай орында»	«Сен ережелер мен нәтижелері жайлы білесің» өз қалауыңды жаса
Балаларға ықпал етудің шараларын таңдау	Жеке сана-сезіміңмен орында	Арнайы ережелер мен процедуралар негізінде жасалған жарғымен орында
Оқу материалын жеткізу тәсілдерін таңдау	Оқу бағдарламасы мен оқулықтарға бағытталған	Білім алушылардың қызығушылықтарына бағытталған және материалды жеткізудің тәсілін соған үйлестіру
Бағалау критерийсі (тәсілі)	Білім алушыларды бір-бірімен салыстырады немесе бекітілген стандартқа сәйкес	Білім алушылардың жетістіктерін олардың алдыңғы жетістіктерімен салыстырады

Қорытынды бағалаудың тәсілі	Жеке әсерде негізделген баға. Тәлімді бақылауда бағаны қолдану	Нақты оқу жоспарымен келісілген тест, педагогтың ойы нәтижеге әсерін тигізбейді.

Сонымен, оқытудың инновациялық әдістерін қолдану арқылы қоғамдағы жаңа қарым-қатынастың жаңа үлгісін меңгеруге септігін тигізеді, оны ұжымда құру көзделеді. Сол уақытта, педагог студенттермен өзара әрекет етудің басқарушысы болып, жоспарлау мен ұйымдастыру, ынталандыру мен оқыту үдерісін бақылау функцияларын орындайды. Осы теорияға сәйкес мақаламда педагогты біз педагог-менеджер деп атаймыз.

Заманауи педагогтың міндеті - күнделікті өмірдегі тек педагогикалық құбылысты айқындау емес, сонымен қатар негізгі критерийлер бойынша белгілі нормаларға сәйкес болуын анықтау, оған басқарушылық-педагогтік тәсілдердің әсері және адекватты әдістерді іздеу және қолдану болып табылады.

Педагог-менеджер бір уақытта субъектіге әр түрлі әсер ету амал-тәсілдерін игерген білікті-басқарушы рөлінде және оның байыпты белгілерін айқындауға қабілетті аналитик-сараптар рөлінде, кәсіби қызметке инновациялық енгізулерді жүзеге асыруға қабілетті «жобалаушы» рөлінде болуы қажет. Адамдардың психикалық саулығын өолдану керек. Осының бәрі оның қызметіндегі зерттеушілік, басқарушылық және жобалаушылық рәсімдердің үйлесімділігін аңғартады. Осы рәсімдер әр түрлі кәсіби позицияларды анықтайды.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижесінде студенттер өзгелерді оқыту арқылы ақпаратты жетік түсініп, шамамен 90%-ға меңгеретіндігін көрсетті. Танымдық ынтаны дамыту студенттердің белсенділігі мен оқыту үдерісінің тиімділігін айтарлықтай жетілдіреді. Оқу үдерісінде, аудиторияда студенттің өзі сабақтарда бастама танытып, белсенді қатысу және өз шешімдеріне жауапты болу маңыздырақ.

Инновациялық ортаны құру арқылы педагогтың инновациялық қызметі жанданады, жәймендеп бұл педагог пен студенттің тұлғалық-инновациялық мәдениетін қалыптастыруға әкеледі. Айтып кететін жәйт, инновациялық қызмет - адамның өзінің ішкі талпынысы. Біздің ойымызша, орта тұлғаның инновациялық мәдениетін дамытуға септігін тигізеді. Инновациялық қызмет заманауи педагогикалық мәдениеттің тұлғалыұ маңызы бар компоненті болып табылады.

ЖОО-дағы оқытушыларды зерттеу барысында тек 14% инновацияға деген қарым-қатынасы белсенді көзқарас танытады екен, олар оқу үдерісіне оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, таратады.

23% оқытушылар инновацияға оң бағытталған, оларға зерттеушілік, жаңаға деген конструктивті оң көзқарас, жаңа тәсілдерді енгізуде өз

жолдарын іздеу, бірақта бастапқыда олар инновацияның жаутаушысы емес, тек олардың тиімділігін ескерген жағдайда ғана қолдана бастайды.

9% педагогтар педагогикалық инновацияларға эмоционалды - оң көзқарас танытады, яғни олар педагог-новаторларды қолдап, мақұлдау арқылы көрсетеді, алайда тәжірибеде қолдануға асықпайды.

Пассивті-жағымсыз қатынаспен оқытқан инновациялық қызметке қосылуға айқын ниет білдірмейді. Оларды қолданбау үшін негізінде ұйымдастырушылық сипаттағы себептерге жүгінеді.

Т.И.Шямованың мәліметтері бойынша инновациялық қызметке уәждеу дәрежесі бойынша мұғалімдер келесідей бөлінеді:

- көшбасшылар - 1-3%
- позитивизмді жақтаушылар - 50-60%
- нейтралдар - 30%
- негативті жақтаушылар - 10-20%

Педагогтың инновациялық мәдениеті - бұл инновациялық құндылықтарды, білімдер мен технологияларды құруға, меңнеруге және тапсыруға бағытталған педагогтың инновациялық қызметіндегі өзінің жеке шығармашылығын жүзеге асыруының әдісі мен шарасы.

И.Ф.Исаевтың инновациялық мәдениетті жобалаудағы мәдени тәсілдемесін пайдалана отырып, оның 3 жақ компонентін көрсетуге болады: аксиологиялық, технологиялық және жеке шығармашылық.

Аксиологиялық компонент жеке құндылықтарымен импортталады, оларды шартты түрде құндылықтардың 5 тобына бөдуге болады: мақсат - құндылықтар, амал - құндылықтар, білім - құндылықтар, қасиет - құндылықтар. Бұл жерде инновацияға және инновациялық қызметке деген қызығушылық қатынас, сондай-ақ білім алушының жеке басына құндылық қатынасы, инновациялық мәдениет, пен инновациялық қызметке және т.б. болуы тиіс. Студент педагогикалық инновацияның негіздерін білуге тиіс. Технологиялық компонентке инновациялық қызметтің технологиясын пайдалана білу, оны жоспарлау мен жүзеге асыру жатады. Жеке шығармашылық компоненті педагогтың өзін педагог-новатор ретінде көрінесінде білдіруге болады.

Мысал ретінде «Педагогика» мамандығының 4-курс студенті Д.Абдулхакимованың «Жеке бас құндылығы» деген креативті жаттығуларды пайдалану нәтижесінде жасап шығарған «педагог-новатор» бейнесін сіздердің назарларыңызға ұсынамыз (9-сурет).

Қызметтің қалыпты эмоционалды бағытталуы активті қайта құрылу, жасампаз және жеке жасампаздық жұмысқа ынталандырады. Импровизация, интуиция, елестету бұл жерде оқытушы адамның күрделі синергетикалық жүйесінің теңдігі мен теңсіздігін инновациялық қызметтің бейімделген деңгейінен креативті деңгейге өхгеруін бақылауға болады. Көріп отырғанымыздай, педагог-новатор әрқашан өзінің жұмысына және жаңалықты іздеуде қанағаттанбайды. Жаңалықтарды өңдеу келесідей кезеңдерге бөлінеді:

Жаңалықтарды құру кезеңі

- Өзгерістердегі қажеттіліктерді анықтау
- Ақпаратты жинау және жаңалықтарды саралау
- Жаңалықтың болмысын сипаттау және өңдеу

Жаңалықты меңгеру кезеңі:

- Жаңа енгізілімді енгізу туралы шешім қабылдау - пікірдің педагогикалық мониторингі, концепция, технология, материалды өңдеу, енгізілімді пилотты түрде қолдану, бастапқы нәтижелерді бағалау.

Жаңалықты енгізу кезеңі:

Әлем халықтарының көпшілігінде, оның ішінде қазақ тілінде де жалқы есімдердің көбі табуға айналған. Академик А.Н.Самойлович өткен ғасырдың бас кезінде-ақ бұл проблеманың әлеуметтік, этномәдени аспектісіне мән беріп, түркітанудың өзекті мәселелерінің бірі ретінде мән берген: «Чтобы исследователи разных тюркских народов обратили особое внимание на

личные имена, о том, что следовало бы составлять полные алфавитные списки личных имен, как мужских, так и женских, по отдельным народам и племенам с подробными указаниями, в каких случаях, в какую историческую эпоху, кому и почему давалось то или иное имя, что в последствии позволило бы произвести весьма интересные в культурно-историческом отношении сравнительное исследование личных имен всех тюркоязычных народов» [1, 299 б.].

Түркі тілдерінің лексикологиясын салыстырмалы түрде зерттеуші К.Мусаевтың еңбегін антропонимияға қатысты топтастырудың 7 принципін келтіреді.

Жаңа туған балаға ат қоюда ерте кездің өзінен-ақ ырым мен әдет-ғұрыпты сақтаушылық болған. Ал, ырым мен әдет-ғұрып ш.уәлиханов атап көрсеткендей, салт-санаға тән [2, 17 6.]. Мысалы, ұлы жоқ отбасында дүниеге қыз келетін болса, ол қызға *Ұлтуған* немесе *Ұлбосын* деп «кейінгі бала ұл болса” деген ырым-сеніммен ат қояды.

Ш.Саадиевтің айтуы бойынша, әзірбайжандарда күні бүгінге дейін шын аттарды жасырып, басқаша атау дәстүрі сақталып келеді. Түркіменстанда «әр баланың чын ады – шын аты және ямен ады» жасырын аты бар. Сібірдің солтүстігінде ер адамдарда екі ат болады: бірі – ресми есімі, ал екіншісі –күнделікті қолданыстағы ат болып саналған [3, 185 б.].

Қазақ антропонимисі Т.Жанұзақов былай дейді: «Запрет некоторых слов (табу) имел свое влияние и в сфере лично- собственных имен. Казахские замужние женщины давали свои имена «төрем, шырақ, жарқын, тетелес, мырзажігіт, шырайлым, бикеш» и др. [4, 56 б.].

Оңтүстік Сібірдегі түркілердің дәстүрлі дүниетанымын А.Самойловичтен кейінгі зерттеушілер күйеуі мен оның туыстарының атын айтуға тыйым салыну некелік қарым-қатынастың сипатына байланысты деп есептейді. Әйел басқа тектен (рудан) болғандықтан, күйеуінің жағынан бірқатар тыйымдар салынған: «большинство запретов, которыми было окружено ее поведение во время сватовства и свадьбы, постепенно снимались, но оставался минимум символов, который на протяжении всей ее жизни на земле мужа подчеркивал особый статус женщины - пришелицы, единственного существа «со стороны», находившегося в роде. Она не имела права произносить в слух имена своих старших родственников. Для нее их имен словно бы не существовало, равно как имена мужа [5, 151 б.].

Қырғыз есімдерін зерттеген А.Идрисовтың «кыргыз тилиндеги ысымдар» еңбегінде антропонимдердің қалыптасу кезеңдері қоғамның тарихи-экономикалық даму кезеңдеріне сәйкес анықталды: алтай дәуіріне дейінгі ежелгі кезеңде құстармен, географиялық атаулармен байланысты антропонимдер; хун дәуірінде қалыптасқан антропонимдер (б.э.д. II, III-VI б.ғ.) Мал жануар, құс, өсімдік, жәндік, аспан денелері т.б. байланысты аттар; көне түркі кезең (V-Хғ.) Ескі түркі ескерткіштеріндегі антропонимдер – *чур, барс, шумкар, арстан* т.б.; ортағасырлық кезеңдегі (X-XV ғғ.) аттарға араб есімдері қосылады. жаңатүркі кезеңде (XV-XX ғғ.) Бұрынғы есімдерге

ескіеврей (библиялық) араб, парсы аттары; Кеңес дәуірі кезеңіндегі есімдер революционерлер, әдеби кейіпкерлер, мемлекеттік ресми тұлғалар атауларымен сипатталған [6, 17 б.].

Сонымен бірге Г.Ф. Саттаровтың мақаласында татар тілінің антропонимиясының ежелгі қабаты көне түркі және ежелгі бұлғар кезеңіне қатысты анықталып, ежелгі түркілердің наным-сенімдеріне сәйкес - аспанға табиғатқа табынуды сипаттайтын есімдерімен көрсетіледі: *таштемир, бикташ, тәңгеребирде, кугәй, (кук+ай), айсылу, чулпан* т.б. [7, 69 б.].

Академик В.А.Гордлевскийдің түркі антропонимдер жүйесінің түркі қабатын мұсылмандыққа дейінгі деп анықтауы көптеген түркі тілдері бойынша антропонимист ғалымдардың пікірлерінде қолдау тауып жалғасты. Нақты айтқанда, осы зерттеулердің нәтижесінде танымдық, мифотанымдық сипаттама космонимдік лақап аттардың т.б. Негізі осы қабатқа тән [8, 131 б.].

Башқұрт антропонимиясындағы қыпшақ қабатын зерттеуші г.м.гариповтың пікірінше, барлық түркі тілдеріне ортақ, байырғы, түсінікті этностың терең қайнарларынан деректер беретін тарихи көздер [9, 52 б.].

Түркімен ономастикасын зерттеуші З.Б.Мұхаммедова: «Древнейшими, на наш взгляд, следует считать имена, восходящие к названиям атмосферных осадков, солнце, луны, растений, и животных» [10, 45 б.] деп жазады. Сонда ежелгі антропонимдер ретінде күн райы, ай мен күн, жұлдыз, өсімдік, хайуанатарға байланысты қалыптасқан есімдер көрсетіледі: *Ягмур* (жаңбыр) – бір түркіменнің қолбасшысының аты.

Өзбек антропонимикасы туралы Э.Бегметов: «Имена, Т*ангриберген, Тангриберди, Тангриқул, Қуанышбек, Ойзада, Ойкон* связаны с культом неба, солнца, и луны, являются ярким свидетельством поклонения и почитания людьми этих небесных и наземных «божеств», - дейді [11, 18 б.].

Қорыта келгенде, түркі тілдес халықтардың есімдеріндегі өзгешелік, айырмашылық, ұқсастық жағы, біріншіден, территориялық жағынан көршілестігі, екіншіден, тілдердің туыстығы, үшіншіден, олардың шаруашылық жағдайы, тұрмыс-тіршілігіндегі факторлардың басым бағыт алуы.

Ұлттық ономастикондық жүйенің оның ішінде антропонимдер де өзіндік ерекшелігі оның белгілі бір ұлттық тілге емес, ол қандай мәдени ортадада қалыптасқанына байланысты екенін қазақ антропонимдерінің лингвомәдени, этномәдени, әлеуметтанымдық сабақтастықта зерттелуі көрсетіліп отыр. Түркі халықтарының рухани ортақ құндылықтары туралы мәселелерді соза беруге әбден болады. Алайда осы мақсатта келелі істерді күн тәртібіне шығарып, ұлаңғайыр игілікті істер тындыру түркологияға жаңа бағыт пен соны серпіліс әкелмек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Самойлович А.Н. К вопросу о наречии имен у турецких племен // Жиавя старина. От этнографии, СПБ, 1911 вып 2.
2. Валиханов Ч. Избранные произведения. – Алма-Ата, Т. 1, 1958.

3.Саадиев Ш.М. Основные правила выбора имен для новорожденных// Личные имена в прошлом, настоящем, будущем. – Москва: Наука, 1970.
4.Жанузаков Т.Дж. Лично-собсвенные имена в казахском языке. Автореферат дисс. кан. –Алма-Ата, 1960.
5.Самойлович А.Н. Заветные слова в языке казак-киргизкой замужней женщины //Живая старина. –Петроград, 1915.
6. Идрисов А. Кыргыз тилиндеги ысымдар. – Фрунзе, 1971.
7. Саттаров Г. Ф. Некоторые вопросы татарской антропонимии.// Вопросы истории философии и педогогики. – Казань, 1965, –вып. 1.
8. Гордлевский В.А. К личной ономастики у османцев. – Москва, 1968.
9. Гарипов Г.М. О древних кыпчакских именах в антропонимии башкир// Ономастика Поволжья. – Уфа, 1973, –вып 3.
10. Мұхаммедова З.Б. Исследование по истории туркменского языка XI-XIV вв. – Ашхабад, 1973.
11. Бегметов Э. Антропонимика узбекского языка. – Ташкент, 1965.

Tokmuhamedova Z.M., Nurgaliyeva M.N.
Chair of Diplomatic Translation
al-Farabi Kazakh National University

Some issues of education, upbringing and "Intellectual Nation" in sovereign Kazakhstan

Kazakhstan gained its independence in 1991 and entered the world community as a truly independent state. The end of the XX century and the beginning of the XXI century was the period of unprecedented epoch-making changes in the world. The nature of these changes is based on 3 main and closely related trends: modernization, multilateralism and interdependence. The dominant idea of the present time is development, cooperation and integration.

President of the RK N.A. Nazarbayev outlined the basic priorities in economic, social and cultural spheres in his annual addresses to the peoples of Kazakhstan. Particular attention in president's annual message was paid to social modernization. Social modernization, a new social policy – 3 principal state programs of which were set up as follows : development of education, healthcare and languages. According to President of the RK N.A Nazarbayev each person should master 3 languages: Kazakh, Russian and English.

As for teaching and learning foreign languages at the department of International relations it's envisaged to use four aspects of teaching languages: reading, speaking, listening and writing. The role of Internet could hardly be overestimated not only due to the rich resources of the Web net but also due to the fact that computer technologies would be an inalienable and natural source of learning languages and cultures. We use Internet to conduct English classes so that to encourage and motivate our students. Implementation of new technologies in the

system of education is one of the main directions of social modernization. We do everything possible to arrange language Olympiads, language fests and round tables in English. Such arrangements in English have an informative, cognitive and teaching character from the linguistic point of view as well as they are very helpful from the point of upbringing the young generation.

One of the basic aspects of a new social policy is education. In his message Nazarbayev N.A. underlined that the RK must accomplish modernization of higher education institutions and provide a new level of development for universities and research centers. Innovation model of higher education is being formed on the basis of "Nazarbayev University", which is market oriented. President of the RK N.A. Nazarbayev put forward the project – "Intellectual Nation - 2020". The principal aspects of this project are the following: First – breakthrough in the system of education. The main task of the first aspect is to train people with critical thinking, capable to analyze information glut.

The second aspect of the project "Intellectual Nation" is the development of science and enhancement of research capacity of the nation. Talented (gifted) scholars doing researches in various scientific fields are in great demand in our country. Currently, there are four directions making an impact on a scientific – technological map of the world: 1 – biotechnology and biochemistry. The National Centre of biotechnology has been established in Astana; 2 – ecoenergetics; 3 – ecology; 4 – antiaging. The third aspect of "Intellectual Nation" is the development of an innovation system. Innovation is a binding of idea and business providing a tangible increase of production, profit and competitiveness. Kazakhstan needs a breakthrough of innovation activity. An effective system of innovation technology management is being developed in Kazakhstan.

It's very important to look upon the educational process on a global scale. Each person should develop his (her) skills to learn (new things), skills to live for and skills to live together in the contemporary world. The main task of the innovative system of education is training people capable to handle with information glut.

Qualitative education must be the basis for innovation development of Kazakhstan. In various stages of its development the human society faced the necessity of solving special problems, which can be defined as youth problems of the society. The young people are a part of any country's population, a part with its own social and moral distinctions, interests and needs. Through youth the society reproduces itself both biologically and spiritually.

In current conditions the following social problems are important for the young people: way of life, work, education, culture, and also forming and strengthening of their new family and leisure among other things. Successful solving of these problems has both social and economic effects. The possibility of making mistakes, experiencing dissatisfaction and disappointment, related to the first independent steps of the young people, is thus reduced.

This creates conditions for reducing antisocial phenomena (alcoholism, drug abuse, crime, etc.) and also prevents unnecessary population fluctuation and

migration. Young people are facing such challenges as finding their place in the society and choosing their course of life. The University students have a more realistic outlook on their prospects, they are confident in their future, but the majority is not devoid of optimism. Urban youth feels more confident in their personal potential and opportunities for success than the young people from the provinces.

Following the President's initiative Kazakhstan has implemented many tasks, among which are: the development of Culture and Sports infrastructure, promoting healthy lifestyle for the young generation. Culture plays a great role in all aspects of our life. The formation of cultural tastes and informing our compatriots of the world diversity is impossible without including the arts as well as the spiritual and material culture of other countries and peoples.

The image of the country and the feeling of one's inseparable connection with one's motherland are being formed by the purposeful efforts of the state, society, educational and cultural institutions. Currently our country pays serious attention to historical education and upbringing as the basis of world cognition. The young generation of Kazakhstan is well informed and open to critical profound perception of the past as well as of the present.

Contemporary schoolchildren understand the logic of historical processes very well, creatively analyzing historical events and happenings. Work with the young generations is a very important part of the complete system of bringing up a value-oriented personality through the means of education, culture and history.

Understanding that the Kazakh culture is in its infancy stage, our country is intensely promoting Kazakhstan's culture to the world community. This way Kazakhstan can continue its independent and international development simultaneously. Active work with the mass media and an openness and readiness for all kinds of public relations increases the interest of the young generation. Considering the fact that the young are potential creators, we should try to do everything in order to provide them with conditions contributing to development of their latent capabilities and talents.

Today Kazakhstan needs breakthrough in the system of education and innovation activity. Innovative and creative type of behavior must dominate in our society. Our country is in need of talented (gifted) and advanced young people, competitive on the international level. In 1943 Winston Churchill said, that the empires of the future would be the empires of intellect.

The main goal of modern educational system of Kazakhstan is qualitative education.

Qualitative education, good healthcare and high intellectual level of the society are the main criteria of a state competitiveness in the system of the world community.

Young generation of Kazakhstan must enhance contributions to a global centre of new ideas, scientific innovation, economic vitality and cultural richness. The young people of Kazakhstan are advanced, optimistic and confident in their future. I consider that the issues of education and upbringing of the young will be always relevant and remain a subject of lengthy discussions and disputes.

References
1. World Monitor Magazine 17.06.2009.
2. www.kazpravda.kz
3. Nazarbayev “Kazakhstan in the Post-Crisis World: Intellectual breakthrough” – 13.10.2009.
4. Annual address of the RK President N.A. Nazarbayev to the Peoples of Kazakhstan -2011, 2012.

Төлеухан Ж., Жанбосынова Л.М.
шет тілдері кафедрасы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Хурмет А.
дипломатиялық аударма кафедрасы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ағылшын тілі сабақтарында ән айту

Ағылшын тілі сабағында студенттерге ағылшынша ән айтып үйрету аталмыш тілді тез меңгерудің бірден бір тиімді әдістерінің бірі. Осы әдісті қалай дұрыс қолдану керек деген сұраққа жауап іздейміз.

Практикалық сабақта ән айту қызықты әдіс екендігі шет тілі оқытушыларына мәлім. Бұл мақалада практикалық сабақ барысында ағылшын тілі пәнінің оқытушысына ән айту әдісін дұрыс қолдану, оның пайдасы мен кері әсерлерін және де ән айту әдісін қолданудың қызықты да қолайлы жолдарын қарастырмақпыз.

Алдымен, кез келген шет тілін үйрену кезінде сол тілде ән айту- тіл үйренуінің ажырамас бір бөлігі екеніне тоқталамыз.

Одан кейінгі кезекте, оқытушының сабақта ән айту әдісін таңдау барысында кезігетін бірқатар мәселелерді талқылаймыз. Қорытындыда біз ән айтудың тиімділігін, студент әнді қалай тез айтып үйрену керек, сабаққа қызығушылығын қалай артыру керек және де ағылшын тілінде қалай өз бетімен ән сала алады деген мәселелерге тоқталамыз.

Ағылшын тілін оқытудағы ән айту әдісіннің пайдалы тұстары.

Ән жаңа сөздерді жаттауға, грамматика мен синтаксисті үйренуге көмектеседі. Ән арқылы шет тілін үйрену студентке сөйлемді толық тыңдап грамматика мен сөйлем жүйесін автоматты түрде жаттап алуына мүмкіндік береді. Яғни, бұл жаңа сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаудың оңай жолы. Мәтінде көп мағыналы сөздерді қолдану.

Кез келген тіл синонимдер мен ононимдерге бай. Ән айту және өлең жолдарын жаттау барысында студент жаңа сөздермен фразалардың қолданылуымен танысады. Яғни, студент сөздерді жеке-жеке жаттамайды, толық сөйлем не өлең жолдарымен жаттайды. Ән айту әдісі тез есте сақталынады және қайталап қолданылып отырады. Тыңдау әдісіне қарағанда

ән айту әдісі тез есте сақталынады, қызықтырақ және де шет тілін үйренетін студент бұл әдісті сабақта жиі қолдануды ұнатады. Ән -тыңдау қабілеттілігін дамытады және жақсартады. Әдіс тілді машықтандырады, еркін сөйлеуге көмектеседі.

Ағылшын тілі сабағында ән айту әдісін қолдану студентке тілдің екпінін, дауыс ырғағын, сөздердің дұрыс айтылуын тіпті дұрыс оқылуын қайталап дағдылануға мүмкіндік береді.

Тіпті түйық студент әуенге денелерін қозғап үйрене бастаса пысықтары әнін сөздеріне мән беріп тыңдай бастайды. Көріп есте сақтау қабілеті жоғары студенттер болып жатқан әрекеттерді бақылап және әнгіменің мағынасын түсініп не әннің сөздерін жаттай бастайды. Бұл кезде тіпті топтағы музыкаға әуес емес студенттердің өздері сабаққа қызығады.

Ән айтып көңіл көтеру және студенттерді ынталандыру

Жоғарыда айтып кеткендей, ән айту әдістің пайдалы қатарына әннің сөздері мен әуені студентерді өмірге деген құштарлығын артыруға, студент назарын тек сабақға ғана аударуға және ағылшын тілін тез үйренсек деген ойда да болуыны итермелейді.

Ән студенттің сенімділігін қалыптастырады.

“Тамшы жиналса теңіз болады”- дегендей ән айту әдісін біз шет тілі сабағында жиі қолдансақ студентке көп тыңдауыны және қайталауына мүмкіндік береміз, сөйтіп өз беттерімен, яғни студент уақыт өте магнитофонның көмегінсіз айтуға да дағдылана бастайды. Өздеріне деген сенімділік міне осы кезде пайда болады.

Әннің есте не тілдің ұшында тұратынын барлығымыз білеміз және бұл шет тілі оқытушысының нағыз қалауы емес пе?!

Ән оқытушыға топты дұрыс басқаруға көмектеседі

Сабақ үстінде оқытушы әнді қосқан кездегі студентердің алғашқы назары өте маңызды. Егер оқытушы студенттердің назарын басқа әдістермен сабаққа қызықтыры алмаса, міне осы ұсынылған әдістен кейін барлық студент назары оқытушы да деп айтсақ әбден болады.

Қорыта айтқанда, ән студентерге ағылшын тілінде мәтінді оқуға, оны қайталап тыңдауға, тіл үйренуге қызығушылықты арттыруға, есте сақтауға көмектеседі.

Ағылшын тілі сабақтарында ән тыңдау тәсілін қолданудағы оқытушының кезіктіретін қиыншылықтары.

Егер ән тыңдау тәсілінін жоғарыда айтылып талданғандай пайдалы тұстары көп болса неге ағылшын тілі оқытушылары ән тыңдау әдісін өте сирек қолданады?

Біріншіден, ағылшын тіліндегі әндердін барлығы ағылшын тілін үйренуге көмектеседі деп айтуға болмайды. Ағылшын әндерінің көбі ағылшындықтарға ғана арналған, мағынасы терең күрделі сөздермен жазылған және тез айтылады мұндай әнді, тілді жаңадан үйреніп жүрген студенттер қосылып айта алмайды, сөйтіп олар қиын ән оны айтудың пайдасы жоқ деп қарсылықтарын білдіруі мүмкін. Екіншіден, көптеген

таңылмал әндердің мәтіндерінің өзі кез келген аудиторияға тыңдауға келмейді.

Ән айту әдісін ағылышын тілі сабағында қалай тиімді пайдалану.

Әрине, бұл алдымен оқытушының дұрыс ән таңдауымен басталады. Егер сіз мәтіні мен музыкасы өте тез ырғақтағы әнді таңдасаныз онда студенттерге қызықсыз болады, жалыға бастайды тіпті қарсы пікірлерінде айтуы мүмкін.

Ағылшын тілін оқытуға арналған ән таңдау.

Ағылшынша әндерді күнделікті өмірде кез келген уақытта, не кез келген жерде тыңдап жатамыз, бірақ ағылшын тілі сабағына біз ағылшын тіліндегі кезкелген әнді ала алмаймыз. Өйткені, оқытушының негізгі мақсаты студент әнді өз бетімен айтып үйрену және өткен тақырыппен байланыстырса одан да жақсы нәтиже көруге болады.

Мысалы:

present simple	The Beatles / She Loves You Bette Middler / From A Distance
present continuous	Fool's Garden / Lemon Tree Rod Stewart / Sailing
teaching past simple	The Beatles / Yellow Submarine Gloria Gaynor / I Will Survive
past continuous	John Lennon / Jealous Guy Oasis / Champagne Supernova
present perfect	Michael Buble / Haven't Met You Yet U2 / Still Haven't Found What I'm Looking For Chris de Burgh / Lady In Red Sinead O'Connor / Nothing Compares To You
present perfect continuous	Anastacia / Left Outside Alone Led Zeppelin / Since I've Been Loving You Foreigner / Waiting For A Girl Like You
past perfect	James Blunt / Goodbye My Lover Maddness / My Girl
used to	Dandy Warhols / We Used To Be Friends Bruce Springsteen / The River Pet Shop Boys / The Way It Used To Be
going to future	Jack Johnson / We're Going To Be Friends
will future	Savage Garden / Truly Madly Deeply James Blunt / You're Beautiful Gloria Gaynor / I Will Survive
teaching future continuous	The Police / Every Breath You Take Ottis Redding / Sitting On The Dock Of The Bay
future perfect	Faith Hill / You Will Be Mine Sheryl Crowe / It's Only Love
1st conditional	Frank Sinatra / If You Go Away

	Simply Red / If You Don't Know Me By Now
2nd conditional	Red Hot Chili Peppers / If Eric Clapton / Tears In Heaven
3rd conditional	Lisa Stansfield / Change
"wish"	Pearl Jam / Wishlist
passive voice	Westlife / Written In The Stars
reported speech	Stereophonics / Mama Told Me Not To Come Te Killers / Somebody Told Me

Сонымен қатар, жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін оқытушы арнайы топ деңгейіне байланысты жеңілірек ән таңдауы керектігін ұмытпаған жөн. Яғни, алдымен оқытушы ән таңдайды сосын таңдалған әнді айтудан бұрын әннің мәтініңде кезігетін жаңа сөздерді пайдалана отырып әртүрлі ойындар не жаттығулар жасаудан бастағаны жөн. Әрине, бұл әдісті егер топ бастауыш деңгейде болса қолдануға ыңғайлы.

Ал топ жалғастырушы деңгейде болса әніндегі грамматиканы не жаңа сөз және сөз тіркестерін пайдалана отырып сөйлем құрастыруына болады.

Студенттер әннің мәтініндегі жаңа сөздерді пайдалана отырып жаттығу жасаған не ойын ойнаған кезде ән күй табақта орындалып тұрса жасқы. Бұл әдіс студенттер әннің мағынасын толық түсінбесе де әуен мен ырғаққа үйренуіне яғни, әнмен таңыса бастауына көмектеседі. Алдын ала жасалынған жаттығудың бұл түрі студенттер әнді алғаш рет тыңдап айтқан кезде белсенділік танытуына алып келеді.

Әнді сабақ үстінде екі-үш рет тыңдап ойындар не жаттығулар орындағаннан кейін оны келесі сабаққа дейін тоқтату керек. Келесі сабақта өткен сабақтың жаңа сөздерін қайталап сосын әнді тағы бір рет тыңдасақ студенттердің жалығып кетуіне жол берілмейді. Сол себебті оқытушы таңдалған әнді қанша рет тыңдау керек, қанша рет айту керек деген мәселеге де аса мән беруі қажет.

Қолданған әдибиеттер:

1. http://tefltunes.com/grammarsongs.aspx Songs For Teaching English Grammar.
2. http://www.songsforteaching.com/grammarspelling.htm.

Хурмет А.
дипломатиялық аударма кафедрасы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ағылшын тілін оқыту әдістемесін модернизациялау

Рухани интеграция дәуірлеген бүгінгі таңда ағылшын тілі - ғаламдық феноменге айналды. Мемлекетаралық байланыстарды нығайту елдердің экономикалық қарқынына ғана емес, ол руханиятқа, соның ішінде, тілге де тәуелді. Оқыту саласына түбегейлі өзгеріс жүріп жатқан, оқыту әдістері мен

оның мазмұны қайта қарастырылып жатқан қазіргі таңда шетел тілдерін оқытудың тарихи тәсілдері мен оның негізгі тенденцияларын жетілдіру жүйесіне орала кету орынды.

Қазір шетел тілін оқыту методикасы ғылым болып қалыптасып келе жатқанына ешкім күмән келтіре қоймас. 1930 жылы Е. М. Рыт методикаға алғаш анықтама берген. Ол: «Шетел тілін оқыту методикасы салыстырмалы тіл білімінің тәжірибелік айқындауышы», - деп баға берген болатын.

Қазіргі заманымызда әлемде көптеген салаларда айтарлықтай алуан өзгерістер болып жатыр, заман ағысымен көптеген жаңа техникалық өзгерістер де еніп,адамзат сол өзгеріске қарай ыңғайланып,игеруде. Әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, жаһандану процесі қазіргі білімге құштар жастарға арнап ағылшын тілін және басқа да халықаралық тілдерді оқыту және танымал ету үшін алуан түрлі оқу-әдістемелік өнімдерді бүкіл әлемге таратуда. Аудио және бейне материалдарға көпшіліктің қолдары жетерлік, ал Интернет сайттарының өзі көз сүріндірерлік екені белгілі. Бүкіл медиа (радио, телевизия, интернет, газет-журналдар және т.б.) тіл үйретуге жұмылдырылған. Сан салалы білім беруге арналған теле және радио арналары тағы бар.

Қазіргі кезде тіл үйрету саласында жаңа ақпараттық және қатысымдық технологияларды қолдану қажеттігі бүкіл әлемнің білім беру жүйесінде өзекті мәселелердің бірі. Заман талабына сай қазіргі жастар тек оқулық арқылы емес,ақпарат құралдары арқылы да тіл үйренуі қажет,осындай тәсіл арқылы жастардың тіл үйренуге деген қызығушылықтары да арта түседі. Заман ағымына қарай тікелей әдіске енгізілген өзгерістер педагогикада туындаған прогрессивті идеялармен терең байланысты. Осыны ескере отырып, ЮНЕСКО-ның 1998 жылғы «Оқытушылар мен оқыту ісі шапшаң өзгермелі әлемде» атты баяндамасында және ЮНЕСКО-ның 2005 жылғы «Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар оқытушыларды даярлау ісінде» тақырыбындағы баяндамасында дәстүрлі білім беру үрдісіне ақпараттық және қатысымдық технологияларды енгізудің мақсаттары мен оның салдары талданған.

Жаңа технологиялардың пайда болуымен тілдерді оқыту әдістемесіндегі оқытушының ролі басым дәстүрлі дәрістік бағыттан студентке бағытталған интерактивті оқыту ортасын жасау қажеттігі туды делінген. (UNESCO. Teachers and Teaching in a Changing World. p.19–20)

Индустриалды дамыған елдерде орта мектеп бітіретін оқушылар ата-әжелерінің өмір бойы алатын ақпаратын алып шығады деген түсінік бар.

Канада ұлттық мектептер кеңесі ассоциациясының жүргізген зерттеулерін алатын болсақ, келесі отыз жылдықта күтіліп отырған өзгерістер көлемі жағынан соңғы үш ғасырда болған өзгерістермен тең болады. (National School Board Association, 2002).

Осы сияқты құжаттарды басшылыққа ала отырып, ағылшын тілін оқыту әдістемесінде ең алдымен, осы саладағы оқытушылардың медиа сауаттылығы мен медиа біліктілігін дамыту мәселесі қолға алуды қажет етіп

тұрғаны өз өзінен белгілі.

Ағылшын тілі оқытушыларына бір факторды жақсы түсіну керек, ол – бір ғана медиамәтіннің медиа саласында сауаты жоқ адамнан гөрі белсенді және медиа сауаттылығы бар адамға берері мол екенін түсіну. Сондықтан ағылшын тілін екінші тіл ретінде және ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқытудың мультимедиа құралдарды тиімді қолдану әдістемелерін қалыптастыру мәселесі қазіргі таңда ағылшын тілін оқыту әдістемесін жалпы модернизациялауға апаратын бірден бір жол.

Адам баласы қашанда жаңа технологиялар диапазонын өздері мен дүниеден алған сезімдік әсерлері арасындағы дәнекер ретінде пайдаланып келгені белгілі. Статистиканың құрғақ сандары мен зерттеулердің нәтижесі сананың эмоционалды механизмдеріне тиіспейді. Ал біздің ішкі санамыз эмоционалды еместің бәрін маңызды емес деп білетіні белгілі болды.

Жазу, баспасөз, электронды пошта, радио, телевизия мен компьютер күнделікті өмірде қатысымды жақсартуға және тілдік қатысымның төрт психологиялық әрекеттерін (тыңдау, оқу, сөйлесу, жазу) дамытуда көмекші болып табылатыны да аян.

Ағылшын тілін екінші тіл ретінде және ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістемесіндегі негізгі бағыт, ол - интерактивтілік. Бұл біздің қарым-қатынастар орнату мен оларды қолдау үшін қолданатын тіліміз. Бұл әдетте, мазмұны хабардан тұратын іскерлік тілмен салыстырғанда, мақсатқа жету тілі болып табылады. Өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін сөз сөйлеуші интерактивті стратегияларды қолданады.

Ағылшын тілін оқыту әдістемесін алатын болсақ, осы тілде көркем фильмдерді қарап, сол тілдік ортаға еніп, тілді сіңіру жұмысы аса тиімді. Бұл адамның қызығушылығын оятып, жадында айтылған сөздер тез жатталып қалуына да септігін тигізеді.

Мультимедиалық оқытуда ақпарат өте көрнекті түрде ұсынылады. Лексиканың аудармасыз семантикасын, яғни табиғи, натуралды әдісті оп-оңай жүзеге асыруға мол мүмкіндік бар.

Тағы бір маңызды құрал ол: Интерактивті тақта (IWB). Интерактивті тақта – бұл компьютер мен проекторға қосылған үлкен интерактивті кешен болып табылады. Оқытушы мен тіл үйренуші оқушы я студент материалды көрсету компьютер арқылы басқарылады.

Мысалы, белгілі бір сөздің фонемалық символының айтылуын тексереді, аудармасыз сурет арқылы лексикалық қорды байыту жұмысын іске асыруға болады және тағы сол сияқты толып жатқан оң мақсаттарға қол жеткізуге болады.

Ағылшын тілі сабақтарында интерактивті тақтаны қолданудың артықшылықтары: сабақтағы уақыттың үнемделуі, сабақ материалының мейлінше тығыз ұсынылуы, аз уақытта көп ақпарат көзіне қол жеткізе білу және т.с.с.

Әр жаңа технологияның артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де болуы әбден заңды. Сондықтан интерактивті тақта қолданылып өтілетін

сыныптарда көп жұмыс мұғалімге байланысты болғандықтан, жиі сынға ұшырауда. Демек, бұл да ғылыми-әдістемелік зерттеулерді қажет ететін тың бағыт.

Ағылшын тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі білім алушының коммуникативтік мәдениеттілігін және шет тілін практика жүзінде меңгеру шеберлігін дамыту. Оқытушының міндеті білім алушылырдың шет тілін үйренуге қолайлы жағдайын туғызу. Яғни білім алушы өзінің шығармашылық белсенділігін көрсете алатын оқытудың тәсілін қолдану. Заманауи педагогикалық әдістер яғни жобалық әдіс және жаңа информациялық техниканы қолдану. Интернет ресурс білім алушының дағдыларын ескере отырып олардың индивидуалдық ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану формалары: лексиканы меңгеру, сөйлеу дағдыларын дамыту, диалогты және монологты дамыту, жоба жұмысына үйрету, граматтиканы өту.

Ағылшын тілі сабағында интернеттің көмегімен түрлі дидактикалық тапсырмаларды орындауға болады: оқу дағдыларын қалыптастыру, жазу дағдыларын қалыптастыру, студенттің сөздік қорын кеңейту, студенттің ағылшын тілін оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Ағылшын тілін оқыту әдістемесінде тағы бір айта кететін өте маңызды бағыт: мультимедиалық презентациялар. Мультимедиа алуан түрлі ақпараттық объектілердің бірлігінен, мысалы, мәтін, графика, бейне (video) анимация және дыбыстан тұрады. Ағылшын тілінде презентациялар дайындағанда студенттер жоспарлау, жобалау және мультимедиалық өнімді жасау үрдісінде жаңа білім мен білікке ие болады. Мультимедиалық презентациялардың кейбіреулері, мәселен, Интернет сайт жасау, бейнефильмдер түсіру, фильмді монтаждау, гипермедиалық құрылымдар жасау, радио, телевизия бағдарламаларын қолдану, мультимедианы қолданып, презентациялар дайындау және тағы сол сияқты. Сөйтіп, трансляциялық оқытудан интерактивті оқытуға көшу мүмкіндігі өз-өзінен шешіледі деп ойлаймыз. Бірақ бұл ретте мотивацияның ролін де жоққа шығаруға болмайды.

Сонымен қатар маңыздылығы артып келе жатқан әрекет түрі – ол қашықтықтан оқыту әдістемесі. Мысалы, қашықтықтан бірлескен жобалық жұмыс жасау әрекетін алуға болады. Оны ағылшынша telecomputing деп атайды. Бұл оқыту үлгісі дүниежүзілік өрмек арқылы бір оқу орны мен басқа бір оқу орнының оқу байланысын іске асыруға мүмкіндік беретін тәсіл. Осы жұмыстың нәтижесінде: пікір алмасу; тәжірибе алмасу; ақпарат алмасу; мәселелер шешу әдістерімен алмасу; жеке және бірлескен жобалар нәтижелерімен алмасу және тағы сол сияқты сан алуан амал-тәсілдерді жүзеге асыруға мүмкіндік бере алады. Ішкі сана сырттан келіп түскен ақпаратты эмоцияға айналдырады. Осы «эмоциялық архивтің» негізінде аз ғана секундтің ішінде әрекет етудің қарапайым да шұғыл шешімдерін интуитивті түрде береді. Осы дана, тиімді сезімдер тілі жүйесіне біраз уақыт

ғалымдар сенбей келді. Берлиндік ғалым, психолог Герд Гигеренцер осы жайында былай дейді: «Біздің миымыз ғасырлар бойғы эволюцияның нәтижесінде азғантай ғана ақпараттан шапшаң әрі дұрыс шешімдер шығаруға үйренген». Шешім қабылдау ағылшын тілі әдістемесінде рольдік ойындар арқылы жүзеге асатын және тіл үйрену үрдісін белсендендіруші стратегия болып табылатынына тәжірибеде көз жеткізілді. Высотскийдің теориясы бойынша, адамның үйреніп жүрген тілін дамыту үшін оны сол әлеуметтік ортаға орналастыру керек. (Высотский, 1982, т 1, 115б). Ал медиақұралдар тіл үйренушіні сол әлеуметтік және әдеби тілдік ортамен тиімді қамтамасыз ете алады деп есептейміз.

Мультимедиа қорларды пайдаланып оқыту үрдісіне деген жаңа көзқарастардың теориялық негізін не құрайды: мәдени-әлеуметтік теория; оқу үрдісінің конструктивистік үлгілер теориясы; таным үрдістерінің жағдаяттық үлгілері; «таратылған сана-сезім» үлгісі (Salomon және басқалары, 1993); проблемалық бағытталған оқыту теориясы (ЮНЕСКО қабылдаған.

Вандербильт университеті ұсынған «Сана мен технология» үлгісі): «шебер және шәкірт»үлгісі; танымдық икемділік теориясы; рефлексивті оқу; белсенді зерттей оқу және т.с.с.

Қазіргі таңда байланыс пен шығармашылық оқытуға негізделген коммуникативті - бағдарлау әдістемесінің орны бөлек. Әртүрлі қатысым құралдарын пайдалана отырып, студенттер мен ұстаздар сарапшылармен және өз қатарластарымен чат, электронды тақталар, электронды пошта араласа алады. Нақты реалды және виртуалды уақыт жағдайларында араласу қатысушыларға еш кедергісіз ақпарат алмасуға мүмкіндік береді. Әңгіме шегерілген уақытта да өтуі мүмкін. Ондай жағдайда ойланып-толғануға уақыт болады, уақыт айырмашылықтарын өтеуге де болады. етел тілін оқыту әдістемесі әрдайым толықтырылуы, дамытылуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер:
1. Ағылшын тілі мектепте №1.2010ж., 18б.
2. http://kk.wikipedia.org

Şadkam Zübeyde
El-Farabi Üniversitesi, Şarkiyat Fakültesi
Türkoloji veHindoloji Bölümü

Kazakistan-Türkiye Üniversitelerarası ilişkileri

Bağımsız Kazakistan Cumhuriyeti ve Türkiye Cumhuriyeti ilişkilerinin geçmişi yaklaşık çeyrek asra dayanmaktadır. Bu süreçte iki ülke bir çok alanda karşılıklı işbirliği ve dayanışma sonucunda hem iki devlet hem iki millet arasında mevcut maddi manevi bağları güçlendirerek geliştirdi. Eğitim alanında 90'lı yılların başından itibaren Türkiye Cumhuriyeti Orta Asya ülkeleri öğrencileri için "Büyük Öğrenci Projesi" altında geniş bir burs programı yürütmeye başlattı ki bu proje çerçevesinde binlerce Orta Asya'lı genç Türkiye'de yüksek eğitim alma

fırsatına sahip oldular. Ayrıca Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev ile Türkiye Cumhuriyeti Başbakanı Süleyman Demirel arasında, 29 Nisan - 1 Mayıs 1992 tarihinde gerçekleşen Almatı zirvesinde yayımlanan "Ortak Bildiri" ve 1 Mayıs 1992'de iki ülke arasında imzalanan "Eğitim, Bilim, Kültür ve Spor Alanlarında İşbirliği Anlaşması" ile, Türkistan Devlet üniversitesi'nin iki ülkenin ortak üniversitesi hâline getirilmesi kararı alınmış ve konuyla ilgili Mutabakat Zaptı, 28 Eylül 1992'de Ankara'da imzalanmıştır.
İki ülke Hükûmetleri arasında, "Türkistan Şehrinde Uluslararası Hoca Ahmet Yesevi Türk-Kazak Üniversitesi Kurulmasına Dair Anlaşma" ise, 31 Ekim 1992'de Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanları Zirvesi'nde Ankara'da imzalanmıştır.

1996 yılında da Almatı'da Süleyman Demirel üniversitesi, 2005 yılında da Yabancı Diller ve Mesleki Karyer üniversitesi Almata kuruldu. Bu üniversiteler arasında Hoca Ahmet Yesevi üniversitesinin konumu ve önemi daha farklı. Bu üniversiteler dışında bir çok eğitim merkezi ve okullar da Kazakistanda mevcut ama biz burda üniversitelerarası ilişkilere odaklanmaya çalışacağız:

Kazakistan ve Türkiye üniversiteleri arasında ilişkiler yukarıda bahsettiğimiz gibi 90'lı yılların başından başlamıştır. Bu ilişkilerin ilki olarak El-Farabi Kazak Milli Üniversitesi ve Ankara Üniversitesi rektörleri arasında 1991 yılında imzalanan bir protokol anlaşmasıdır. Bu protokol çerçevesinde iki üniversite rektörü milli eğitim kontenjanı dışında kendi aralarında öğrenci ve öğretim üyesi değişimi üzerinde anlaşmışlardı. Bu anlaşma hala yürürlülükte ve şuan Ankara üniversitesi her yıl El-Farabi Üniversitesinin 2-4 öğrencisini kabul etmektedir. Ne yazık ki iki üniversite sarasındaki ilişki bununla sınırlanmakta. Bunun dışında El-farabi Üniversitesi son yıllarda Türkiye'nin 12 üniversitesi ile de akademik işbirliği konusunda anlaşmalar ve protokollar imzalamış bulunmaktadır.(tabloda görüldüğü gibi)

El-farabi Kazak Ulusal üniversitesinin uluslararası ilişkiler kaordinatörliğinden aldığımız bilgilere göre El-Farabi üniversitesinin Türkiye üniversiteleriyle yaptığı anlaşmalardan ve akademik işbirliğinden daha çok Rusya, Kore, Japon üniversiteleri akademik işbirliğinde olduğunu görmekteyiz.

Bir ekonomi yazısında: "Eğitim bir yatırım türüdür. Ekonomi literatüründeki beşeri sermaye teorisi, eğitimi bir yatırım olarak tanımlamakta ve getirisi büyük olan bu yatırıma ayrılan payın zaman içinde hızla büyümesini olağan bulmaktadır. Buna göre, kişiler eğitim alarak verimliliklerini artırmakta ve gelecekte sahip olacakları işten bekledikleri ücret de buna paralel olarak artmaktadır."diyordu. Bunun somut örneği olarak Kazak-Türk okullarının son 20 yılda ulaştığı ve bundan sonra ulaşacağı başarıları gösterebiliriz.

Ancak üniversiteler arasında yapılan anlaşmalar ve ortak çalışmalar 22 iki yıl sonra beklenilen durumda olmadığını hissetmekteyiz. Burda bulunmamızın sebebi de bence bu duruma bir çözüm arayışında olmamızdır. Aslında benim değinmek istediğim ve bahsetmek istediğim konuları dün açılış konuşmasında Manas Üniversitesi rektörü sayın Balcı dile getirdiler. Biz eğitim özellikle üniversitelerarası ilişkilerimizde çok yol katetmiş değiliz. 22 yıl önce öğrenci

değişimi ile akademik ilişkilerimize başladıysak bugün hala aynı durumdayız ne yazık ki. Tabi bu süreçte öğrenci sayısı çoğalmış olabilir.

Üniversitelerarası ilişkilerimizde karşılaşılan sorunların bir kısmını bu şekilde sıralayabiliriz:

- Hala iki ülke üniversitelerinin diplomlaraının denklik sorunu olması(H.A. Yesevi ve Abay üniversitesi dışında),
- İki ülke üniversitelerinin yüksek eğitim sisteminin farklı olması,(Kazakistan son 3 yılda yüksek eğitim sistemini dünya standartlarına göre değiştirdi ancak bu geçit süreci sorunlu ve sancılı geçmekte).
- Belirli uzmanlıklarda ortak ders müfredatının olmaması,
- Akademik işbirliği anlaşmaları öğrenci değişiminden öteye gitmemesi,
- Ortak dil sorunu,
- Eğitim yönetim sisteminin farklı ve değişik olması,
- İki ülke akademisyenleri ve yüksek eğitim kurumları tarafından yapılan ortak ilmi projeler ve çalışmaların az ve sınırlı olması,

Bu sorunların giderilmesi için her iki ülke akademisyenleri ve sorumlu yöneticileri tarafından ciddi ve hummalı çalışmalar yapılması şart. Ancak eğitim ve eğitim yönetimi sisteminde değişiklikler yapılmadan yukarıda bahsedilen sorunlar çözülmeyecektir. Ekonomi, siyasi ve kültür alanında iki ülke arasındaki ortak ve karışılıklı çalışmalar yoğun ve geniş çapta gerçekleşmektedir. Habuki eğer yüksek eğitim alanında sorunlar giderilirse hem siyasi hem ekonomi ilişkileri hız ve derinlik kazanacağı kanaatındayız.

Yüksek eğitim alanında karşılaşılan sorunların giderilmesinde Türkçenin ve Kazakçanın konumu için de çok önem taşımaktadır. Dolayısıyla ortak dil sorunu da bir adım çözülmüş olacağı kanaatındayız. Çünkü eğer ortak ders müfredatı hazırlanırsa iki ülke öğrencileri, araştırmacıları ve akademisyenlari birbirinin diline vakıf olacaklar ve anlaşmamazlık yada tercüme sorunu kalkmış olacaktır. Hem bu vesile ile her iki dil de akademik ve bilimsel alanda kullanıma geçecekler. Türkiye türkçesi Pazar ve çarşı dili olmaktan, Kazakça ise Rus dili karşısında kullanım alanı genişleyecektir.

Kaynakça:

1. Шадкам З. «Қазақстан университеттерінде түрік тілін оқыту және мәселелері» (Түрік тілінде) 8-ші Халықаралық салада түрікше үйрету: Түрік тілін шет тілі ретінде оқытатындардың конгресі» мақалалар жинағы. Анкара, 2009ж.
2. Шадкам З. «Қазақстанда түрік тілінің оқытылуы және мәселелері» 9-Кипр Халықаралық Университетінде өткен «II Dünya Dili Türkçe» конференциясы жинағы. 21 қараша 2009 ж.
3. Шадкам З. «Білім беру саласында Қазақстан-Түркия арасындағы қарым-қатынаста әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дың орны». «Дипломатиалық қарым-қатынастарының 20-ші жылында Қазақстан-Түркия қарым-қатынастары» атты халықаралық симпозиум. 2 маусым 2012 ж. Гүмүшхане, Түркия.

Мазмұны. Содержание. Contents

Құттықтау сөз. Приветственное слово
Мурат Чемрек - Еуразия ғылыми-зерттеу институтының (ERI) директоры, доцент, PhD, саясаттану докторы 3
Shakirov K.N., Baitukayeva A.Sh.
The strategy of the leading higher educational institution under globalization conditions.....4
Ахметалиева Г.У.
Ж.Аймауытов пен М.Дулатов шығармаларындағы синонимдердің сөз таптарына қатысы.....6
Әбідін З.А.
Араб тіліндегі дипломатиялық терминология мәселелері.....10
Байтукаева А.Ш.
Совершенствование профессиональной компетентности студентов международников средствами иностранного языка.....14
Байтукаева Д.У.
Роль активных методов обучения в совершенствовании предметных компетенций у будущих специалистов 19
Baitukayeva Dana
Competence-based approach application in educational process….....…22
Бимагамбетова Ж.Т.
Межкультурная коммуникация в профессиональной деятельности……..24
Бөрібаева С.Б.
Іскерлік қарым-қатынас этикеті.....32
Голикова В.И.
К вопросу о преподавании предметов на английском языке в системе высшего образования РК.....36
Dossova S.N., Kambarov B.K., Iskakova Z.
Innovative strategies in teaching Hindi language for foreigners.....41
Дүйсеева Л.А.
Тіл үйрететін орталықтардың отандық білімге қосар үлесі.....44
Жанұзақова Г.А.
Шетел тілі сабағында білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттыру.....47
Жанұзақова Г.А., Маткеримова Р.А.
Шет тілін оқытудағы әдістемелердің өмірдегі қолданысы.....52
Ибраемова Э.Б.
Педагогтың инновациялық мәдениеті.....56
Ибраемова Э.Б.
Эссе жазғызу шет тілін оқытудың әдісі ретінде.....60
Karipbayeva G.A.
The importance of professional-oriented teaching.....62
Курманкулов М.Т.

Нетрадиционные занятия- уроки.....64
Курманкулов М.Т.
Коммуникативный подход в обучении студентов иностранному языку.....67
Қортабаева Г., Теменова Г.Қ.
Тілді үйретудегі инновациялық әдістер.....69
Makisheva M.K.
Some new strategies and practical application techniques in Teaching English.....73
Маткеримова Р.А.
Параллельные тексты в обучении французскому языку.....77
Маткеримова Р.А., Жанузакова Г.А.
Роль фразеологизмов в преподавании иностранного языка (французский язык).....80
Momynkulov Z., Kurmankulov M.
Research Centers as an Opportunity to bring up a new generation of young researchers.....85
Nurgalieva M.N.
Strategies for Reading.....89
Нұрсеитова Д.Л.
Жапон тілін оқыту әдістемесі.....91
Рахимбаева Р.М., Муртаза А.Ш.
Проблема межкультурной коммуникации в изучении иностранных языков.....96
Садуова Ш., Тоқтасынова А.
Қазақ және түрік тілдеріндегі ортақ мақал-мәтелдеріндегі соматизмдер.....101
Сарбаева Р.Е.
Teaching English by means of learning techniques as role plays.....105
Смагулова К.Қ.
Халықаралық қатынастар мамандығының студенттеріне қытай тілін оқытудағы озық технологиялардың орны.....109
Қортабаева Г., Теменова Г.Қ.
Лингвомәдениеттану: түркі тілдес халықтардың дәстүріндегі антропонимиялық ерекшелік.....113
Tokmuhamedova Z.M., Nurgaliyeva M.N.
Some issues of education, upbringing and “intellectual nation” in sovereign Kazakhstan.....116
Төлеухан Ж., Жанбосынова Л.М., Хурмет А.
Ағылшын тілі сабақтарында ән айту.....119
Хурмет А.
Ағылшын тілін оқыту әдістемесін модернизациялау.....122
Zübeyde Şadkam
Kazakistan-Türkiye Üniversitelerarası ilişkileri.....126